

ОРТА МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қосыбаева У.А., Мамытова А.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Umit1980@mail.ru

Соңғы жылдары орта мектептің жекелеген пәндерін шет тілдерінде, оның ішінде ағылшын тілінде оқыту үлкен қызығушылық туғызуда. Елдің білім жүйесі алдында тұрған қоғамның ашық болуы, білімнің жаһандануы секілді мәселелер шет тілін тек дәстүрлі оқытуды ғана емес, сонымен қатар алған білімі мен білігін қоғамның әрсалаларында білікті түрде қолдана білуді де талап етуде десек онда үштілдік бұл қоғам талабы.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік.

Басты мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас компоненті болып отыр. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттілігін тудыруда.

Зерттеулер көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпыбілімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге үйретеді.

Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы көрсеткіштермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, бүгінгі таңда полимәдениеттілік білімнің базалық құзыреттілігі ретінде танылып отыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 7.08.2007 жылғы № 387 бұйрығының негізінде 2007 жылы қазақ мектеп-гимназиясында дарынды балаларға мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп ашылды. Бұнда:

- Жаратылыстану-математика бағытында бір не одан да көп пәндерді ағылшын тілінде оқыту;
- Қазақ және ағылшын тілдерін тереңдетіп оқыту;
- Орыс тілі мен әдебиет пәндерін орыс тілді мектеп бағдарламасымен оқыту ескерілген.

Жалпы білім беретін орта мектептерде математика пәнін ағылшын тілінде жүргізудің өзге пәндермен салыстырғанда бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар.

Пәнді ағылшын тілінде жүргізу үшін сол пән бойынша оқулықтың бар болуы әрине жеткіліксіз. Ол үшін мұғалімге қажетті ресурстар да, оқушыға қажетті қосымша материалдар да сол тілде табылуы тиіс. Осыларға қоса пән бойынша факультатив сабақтар, түрлі іс-шаралар да, мысалы олимпиада, ғылыми жобалар т.б. сол тілде жүргізілуі мәселенің жылдам әрі оң шешілуіне ықпалын етеді. Осы мәселе бойынша жазылып жатқан диссертациялық жұмыста аймақ бойынша жүргізілген сауалнамалар, мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар, т.б. бірнеше шаралар нәтижесі бойынша қорытынды жасалып, негізінде жасалатын әдістемелік құралдарға талдау берілетін болады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1989. – 235 б.
3. Энди Андерсон Macromedia Flash MX - М.: Наука, 2004. – 217 с.
4. Алленова Н. Учебник по HTML для чайников. Алматы: Мектеп, 1999. – 235 с.